

**Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы №5/51 "**

**Маңғыстау ауданында әлеуметтік көмек мөлшерлерін және мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 наурыздағы № 25/288 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 3850 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 қыркүйектегі № 14/151 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 05.09.2022 № 14/151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Маңғыстау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "Маңғыстау ауданында әлеуметтік көмек мөлшерлерін және мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы №5/51 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3175 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен 2016 жылғы 16 қарашадағы "Жаңа өмір" газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 қосымшада:

келесідей мазмұндағы реттік нөмірі 5 жолмен толықтырылсын:

"

		Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде		
--	--	---	--	--

5	Көпбалалы отбасылар	кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар	100 000 теңге	Жылына бір рет
---	---------------------	--	---------------	----------------

";

2 қосымшада:

реттік нөмірі 4 жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

		Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	100 айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар ( Чернобыль атом э л е к т р станциясындағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдардан басқа)	60 айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар (1986–1987 жылдардағы Чернобыль атом э л е к т р	50 айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет

<p>станциясындағы апат зардаптарын жоюға қатысушылардан басқа)</p>		
<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар</p>	<p>40 айлық есептік көрсеткіш</p>	<p>Жылына бір рет</p>
<p>Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері</p>	<p>40 айлық есептік көрсеткіш</p>	<p>Жылына бір рет</p>
<p>Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары</p>		

9 мамыр – Жеңіс күні

кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың, ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары; Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен

40 айлық есептік көрсеткіш

Жылына бір рет

	авариялардың және ядролық сынақтардың әсерімен байланысты болған азаматтардың отбасылары		
	Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және " Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері)	40 айлық есептік көрсеткіш	Жылына бір рет

".

2. "Маңғыстау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Е.Қалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасының өкілеттілігін жүзеге асырушы,  
Маңғыстау аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Сарбалаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК